ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 27 наурыз №2301-24-00-2/117 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.Е.Султангалиева,
сот отырысының хатшысы Р.М.Исембаева болып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Су арнасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны,

ЖАУАПКЕР:
«MAMAH GROUP» жауапкепршілігі шектеулі серіктестігі,

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы,
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы,

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі С.А.Максотова,
жауапкер өкілі М.М.Чакумов,

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 01 желтоқсанда тараптар арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №ГЗ-323 келісім-шарт жасақталды.

Шарт бойынша жауапкер тапсырыс берушіге «Газталдағыш» (инертті газдардағы оттегінің үлесін анықтау үшін) түріндегі тауарды келісім шартқа қол қойғаннан кейін 15 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2023 жылғы 16 желтоқсанға дейін жеткізуге міндеттенген.

Талап қоюшы сотқа талап арыз жолдап, жауапкер міндеттемелерді орындамағанын көрсеткен.

Талап қоюшы өкілі талап қоюды қуаттап, қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер талаппен келіспей, қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап қою бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277-баптарына сәйкес міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (бұдан әрі– Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін орындамауы талап қоюшының сотқа талап қоюмен жүгінуіне негіз болды.

Талап қоюшының уәждеріне сәйкес жауапкер шарт бойынша алған міндеттемелерін орындаған жоқ, шарт жасалған күннен бастап тиісті қызмет жеткізген жоқ.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сай, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы аталған міндетін орындап, сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен 2024 жылғы 05 қаңтарда жүгінген.

Көрсетілгендердің негізінде, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотта талап қоюы негізді және қанағаттандырылуға жатады.

№2 талап қою бойынша

Тапсырыс берушінің мердігерден тұрақсыздық айыбын өндіру құқығы, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 292-293, 298-баптарына сәйкес келеді.

Шарттың 7.3-тармақшасында, жұмыстардың орындау мерзімі өткен жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігер міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда Мердігерден мерзімі өткен әрбіп күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстап қалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстап қалады (өндіріп алады).

Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімақының) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасынан 10% артық болмауы тиіс.

Талап қоюшы айыппұл мөлшерін 2023 жылғы 17 желтоқсан мен 2014 жылғы 05 қаңтар аралығындағы 20 күн үшін 13 800 теңге деп есептеген.

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 03.04.2024

Заңды күшінде ашылған күні: 06.05.2024 Сулы Султангалиева А. Е. 06.05.2024

Алайда, бұл есеп түзетілуге жатады. Өйткені, шарттың 8.1 тармағына сәйкес шарттың қолданыс мерзімі 2023 жылдағы 31 желтоқсан деп белгіленген және одан кейінгі мерзімге шарттың қолданыс мерзімі немесе міндеттемені орындау мерзімі ұзартылмаған. Демек, 2024 жылғы 01-05 қаңтар аралығында тараптар арасында шарттық қарым-қатынас тоқтатылған, сондықтан аталмыш уақытта шарттың тұрақсыздық айыбы есептелуге жатпайды. Демек, 2023 жылғы 17-31 желтоқсан аралығындағы 15 күнге тұрақсыздық айыбының мөлшері 10 350 теңгені құрайды.

Мұндай жағдайда, сот, №2 талап қою ішінара қанағаттандырылуға, жауапкерден талап қоюшының пайдасына 10 350 теңге тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады деген тұжырымға келеді. №2 талаптың басқа бөлігі қанағаттандырусыз қалдыруға жатады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден сот шығыны өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226, 229 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Атырау облысы Су арнасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «MAMAH GROUP» жауапкепршілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы – ішінара қанағаттандырылсын.

Жауапкер «MAMAH GROUP» жауапкепршілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «MAMAH GROUP» жауапкепршілігі шектеулі серіктестігінен талап қоюшы «Атырау облысы Су арнасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 10 350 (он мың үш жүз елу) теңге тұрақсыздық айыбы және 311 (үш жүз он бір) теңге мемлекеттік бажға төленген сот шығыны өндірілсін.

Талаптың басқа бөлігі қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Е.Султангалиева

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 03.04.2024

Заңды күшіне енген күні: 06.05.2024 Судья Султангалиева А. Е. 06.05.2024

2301-24-3-1/79

Көшірмесі дұрыс. Судья А.Е.Султангалиева

Анықтама: Сот шешімі «06» мамыр 2024 жылы заңды күшіне енді.
Судья А.Е.Султангалиева

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 03.04.2024

Заңды күшіне енген күні: 06.05.2024 Судья Султангалиева А. Е. 06.05.2024

2301-24-3-1/79